

KAZAKH:

Қазақстандағы қоршаған ортаны қорғау неміс-француз жылы
- 2021-

Жазба байқауына қатысу шарттары

Климаттың өзгеруі сияқты трансшекаралық экологиялық проблемалар қоршаған ортаны қорғауды маңызды мәселеге айналдырды. Климаттың өзгеруі салдары қазір бүкіл әлемде, Қазақстанда да, сезінуде. Сонымен қатар ауаның ластануы, пластикалық қалдықтар немесе биологиялық түрлердің жойылуы сияқты басқа да трансшекаралық проблемалар бар.

Осыған байланысты және Париждегі климатты қорғау туралы келісімнің бес жылдығына орай Германия мен Франция елшіліктері, сондай-ақ Гёте институты мен Қазақстандағы Француз Альянстары желісі 2021 жылы Қазақстанда бірлескен француз-неміс қоршаған ортаны қорғау жылын бастады. Оның барысында біз қоршаған орта тақырыбында шаралар мен жарыстар өткіземіз.

Біз қала, қоғамдық кеңістікке ерекше назар аудара отырып, Еуропадағы, Қазақстандағы және әлемдегі адамдар мен мәдениет үшін климаттың өзгеруі мен трансшекаралық экологиялық проблемаларды сипаттағымыз келеді.

Сіздерді біздің бастамаға қатысуға және қоршаған орта тақырыбында өлеңдермен, эсселермен немесе комикстермен жазба байқауына қатысуға шақырамыз. Шығармашылық жұмыстарыңызда келесі сұраққа жауап беруіңізді өтінеміз:

«Сіз өз қалаңыздағы қоршаған ортаны қорғауға қалай үлес қоса аласыз?»

Байқау шарттары:

- Байқауға мектептердің 9-11 сынып оқушылары, қазақстандық жоғары оқу орындарының студенттері, сондай-ақ азаматтығына қарамастан Қазақстандағы Француз Альянстары мен Гёте-Институтының тіл үйренушілері қатыса алады.
- Әр қатысушы өз жұмысын жеке ұсынады. Барлық қатысушылар осы ережелерде көрсетілген шарттарды, атап айтқанда өз жұмыстарын ұсынудың мерзімдері мен форматын сақтауға міндетті.

Қатысу санаттары:

-Қатысушылар үш санатқа бөлінеді:

- 1- санат: Қазақстан мектептеріндегі 9-11 сынып оқушылары
- 2- санат: Қазақстан университеттерінің студенттері (барлық семестрлер мен мамандықтар)
- 3- санат: Қазақстандағы Француз Альянстары мен Гёте-Институтының оқушылары, жас шектеулері жоқ

Қатысушылар шығармашылық жұмыстардың үш форматының бірін таңдай алады:

- 1- Өлең жазу
- 2- Дәлелді эссе жазу

3- Комикс салу

Жұмыс неміс немесе француз тілдерінде ұсынылуы керек. Әр шығармашылық жұмыстың мәтіні 700 сөзден аспауы керек. Таңдалған тіл мен форматқа қарамастан, жұмыс PDF форматында электронды пошта арқылы жіберілуі керек.

Байқаудың қазылар алқасы

- Қазылар алқасы құрамына Германия және Франция елшіліктері мәдени бөлімдерінің, Гёте-Институтының және Француз Альянстарының қызметкерлері кіреді. Қазылар алқасы екі аралас топта жұмыс істейді.

Іріктеу өлшемшарттары

- Жобалар келесі өлшемшарттар бойынша бағаланады:
- байқау шарттарының орындалуы және жарияланған тақырыпқа сәйкестігі
- инновация және шығармашылық
- ұсынылған жобаны іске асыру мүмкіндігі
- ұсынылған жұмыстардың форма жағынан сапасы
- Тіл деңгейі (неміс немесе француз тілдері)

Жұлделер

- өз категориялары бойынша бірінші орынға ие болған 6 жеңімпазға (1, 2 немесе 3 санаттарда, француз және неміс тілдерінде, барлық жұмыс түрлері) электронды оқырмандар мен сыйлық сертификаттар беріледі және олардың жұмыстары 2021 жылғы маусым айының басында Халықаралық қоршаған ортаны қорғау күніне орай Нұр-Сұлтан қаласында ұйымдастырылатын көрмеде көрсетіледі.
- Әр номинация бойынша 2-3 орын иегерлері кішігірім сыйлықтар алады және байқауға қатысушылардың барлығына қатысқандығы туралы сертификат беріледі.

Байқау өткізу кезеңдері:

- 2021 жылғы 9-25 наурыз: байқау және жұмыстарды жіберу кезеңі
- 25-29 наурыз: қазылар алқасының отырыстары
- 29 наурыз: нәтижелерді жариялау
- 2021 жылғы маусым айының басында: Халықаралық қоршаған ортаны қорғау күніне орай жеңімпаздардың жұмыстарының тұсаукесері

Жұмыстарды жіберу

Байланыс және жұмысты жіберу үшін екі электрондық пошта мекенжайы бар:

- Неміс тіліндегі жұмыстар үшін: umwelt.kaz@gmail.com
- Француз тіліндегі жұмыстар үшін: environnement.kaz@gmail.com

Барлық жұмыстар форматына (өлең, эссе немесе комикс) қарамастан, электронды пошта арқылы PDF форматында екі мекенжайдың біріне 25 наурыз сағат 12:00-ге дейін жіберілуі керек.

GERMAN:

Deutsch-Französisches Jahr der Umwelt in Kasachstan
- 2021-

Teilnahmebedingungen des Schreibwettbewerbs

Grenzüberschreitende Umweltprobleme wie der Klimawandel haben Umweltschutz zu einem immer wichtigeren Thema gemacht. Die Auswirkungen des Klimawandels sind inzwischen überall auf der Welt spürbar, auch in Kasachstan. Dazu kommen andere grenzüberschreitende Probleme wie die Luftverschmutzung, Plastikmüll oder das Artensterben.

Vor diesem Hintergrund und anlässlich des fünften Geburtstages des Pariser Klimaschutzübereinkommens haben die Deutsche und Französische Botschaft sowie das Goethe Institut und das Netzwerk des Alliances Françaises in Kasachstan im Jahr 2021 das gemeinsame Deutsch-Französische Jahr der Umwelt in Kasachstan begonnen, in dessen Rahmen wir Veranstaltungen und Wettbewerbe zum Thema Umwelt realisieren.

Wir möchten die Herausforderungen des Klimawandels und grenzüberschreitender Umweltprobleme für die Menschen und die Kultur in Europa, Kasachstan und der Welt illustrieren, mit einem besonderen Fokus auf den urbanen, öffentlichen Raum.

Wir laden Euch herzlich ein, euch an unserer Initiative zu beteiligen und mit einem Gedicht, Aufsatz oder Comic an einem Schreibwettbewerb zum Thema Umwelt teilzunehmen. In eurer Einsendung beantwortet ihr bitte folgende Frage:

„Wie möchtet Ihr in eurer Stadt zum Schutz der Umwelt beitragen?“

Teilnahmebedingungen:

- Der Wettbewerb richtet sich an alle Schülerinnen und Schüler in Schulen von der 9. bis zur 11. Klasse, Studierende kasachischer Universitäten sowie an Sprachlernende der Alliances Françaises und des Goethe-Instituts Kasachstan, unabhängig von ihrer Staatsangehörigkeit.
- Die Teilnahme ist nur individuell möglich. Alle Teilnehmerinnen und Teilnehmer sind verpflichtet, die in diesen Regeln festgelegten Bedingungen einzuhalten, insbesondere die Fristen und das Format für die Einsendung ihrer Arbeiten.

Teilnahmekategorien:

- Die Teilnehmerinnen und Teilnehmer werden in drei Kategorien eingeteilt:
- Kategorie 1: Schülerinnen und Schüler der 9. bis 11. Klasse an Schulen in Kasachstan
- Kategorie 2: Studierende der Universitäten in Kasachstan (alle Semester und Fachrichtungen)
- Kategorie 3: Lernende der Alliances Françaises und des Goethe-Instituts in Kasachstan, unabhängig von ihrem Alter

Die Teilnehmerinnen und Teilnehmer können frei aus drei möglichen Teilnahmekategorien wählen:

- 1- Verfassen eines Gedichts
- 2- Verfassen eines argumentierenden Aufsatzes
- 3- Zeichnen eines Comics

Die Arbeiten müssen entweder in deutscher oder französischer Sprache eingereicht werden. Der Text jeder Einsendung sollte 700 Wörter nicht überschreiten. Unabhängig von der gewählten Sprache und dem Format muss die Arbeit per E-Mail im PDF-Format eingereicht werden.

Wettbewerbsjury

- Die Jurys setzen sich aus Mitarbeiterinnen und Mitarbeitern der Kulturreferate der deutschen und französischen Botschaft, des Goethe-Instituts und der Alliances Françaises in Kasachstan zusammen, aufgeteilt in zwei gemischte Jurys.

Auswahlkriterien

- Die Projekte werden nach den folgenden Kriterien beurteilt:
- Übereinstimmung mit den Richtlinien und dem Thema
- Innovation und Kreativität
- Realisierbarkeit des Projekts
- formale Qualität der voreingereichten Arbeit
- Sprachniveau (Deutsch oder Französisch)

Preise

- Die 6 Preisträgerinnen und Preisträger, die den ersten Platz in ihrer Kategorie (Kategorie 1, 2 oder 3, auf Französisch und Deutsch, alle Arten von Arbeiten) erreicht haben, erhalten elektronische Lesegeräte und Geschenkgutscheine, und ihre Arbeiten werden auf der Ausstellung präsentiert, die Anfang Juni 2021 in Nur-Sultan anlässlich des Internationalen Tags der Umwelt organisiert werden wird.
- Die Gewinnerinnen und Gewinner des 2. und 3. Platzes in jeder Kategorie erhalten kleine Preise und alle Teilnehmerinnen und Teilnehmer des Wettbewerbs erhalten eine Teilnahmeurkunde.

Zeitlicher Ablauf des Wettbewerbs

- 9. bis 25. März 2021: Wettbewerbszeitraum und Einsendung der Arbeiten
- 25. bis 29. März: Beratungszeitraum der Jurys
- 29. März: Bekanntgabe der Ergebnisse
- Anfang Juni 2021: Präsentation der Arbeiten der Gewinner anlässlich des Internationalen Tags der Umwelt

Übersendung der Arbeiten

Als Kontakt und für die Übersendung der Arbeiten stehen zwei E-Mail-Adressen zur Verfügung:

- Einsendungen auf Deutsch: umwelt.kaz@gmail.com
- Einsendungen auf Französisch: environnement.kaz@gmail.com

Die Arbeiten, egal in welchem Format (Gedicht, Aufsatz oder Comic), müssen bis zum 25. März um 12:00 Uhr per E-Mail im PDF-Format an eine der beiden Adressen geschickt werden.